

Қолданыстағы құқық жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 сәуірдегі N 355 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 15 маусымдағы N 166-ө өкімінің 3-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қолданыстағы құқық жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың бірінші басшылары (келісім бойынша) Іс-шаралар жоспарының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 16 сәуірдегі
N 355 қаулысымен

бекітілген

Қолданыстағы құқық жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындаушы	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Медициналық айықтырғыштарда, кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарында, қабылдау-таратушыларда мас күйіндегі азаматтарды, сондай-ақ алкогольден, нашақорлықтан және уытқұмарлықтан және мәжбүрлеп емдеудегі адамдарды,	Үкімет қаулысы	ІІМ (жи-нақтау), Әділет-	

	<p>әкімшілік қамауға алынған адамдарды арнайы қабылдау орындарында ұстау негіздері мен тәртібін бекітуді көздейтін Заң жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізу</p>		<p>мині, ДСМ, БҒМ</p>	<p>2008 жылғы 4-тоқсан</p>
2.	<p>Азаматтарды әлеуметтік қорғау бөлігінде заңнаманы үйлестіру мақсатында "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізу</p>	<p>Үкімет қаулысы</p>	<p>Еңбекмині, (жинақтау), ДСМ, Қоршаған-ортамині, Әділетмині</p>	<p>2009 жылғы 4-тоқсан</p>
3.	<p>2008 жылғы 20 ақпанда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарына кепілдіктерді қамтамасыз ету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау бойынша мемлекетшілік рәсімдерді жүргізуді қамтамасыз ету</p>		<p>Әділетмині (жинақтау), СІМ</p>	<p>2008 жылғы 3-тоқсан</p>
4.	<p>Мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер жобаларын және заң жобалау жұмыстарының жоспарларын әзірлеу кезінде Конституциялық Кеңестің шешімдерін міндетті түрде есепке алуы туралы ережелерді бекітіп беруді көздейтін Үкімет қаулысы жобасын әзірлеу</p>	<p>Үкімет қаулысы</p>	<p>Әділетмині</p>	<p>2008 жылғы 3-тоқсан</p>

5.	Заңнамалық акті мәтіндерінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі әр түрлі оқылу проблемасын шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Үкіметке ақпарат	МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жылғы мамыр
6.	Тиісті кеңестер, ғылыми-практикалық конференциялар мен»дөңгелек үстелдер отырыстарын өткізіп, негізгі заңды құрметтеуді қалыптастыруға бағытталған арнайы іс-шаралар ұйымдастыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	М А М , Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әкімдері	2008 - 2009 жылдар ішінде. Президент Әкімшілігіне тоқсандар қорытындылары бойынша ақпарат

Ескертпе : аббревиатуралардың толық жазылуы:

- ИМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
- Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
- ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
- БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
- Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- Қоршағанортмині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
- СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
- МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі